

Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 44/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 шілдеде № 5958 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі заңдарына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2020 жылғы 17 шілдесі
№ 44/02
қаулысына қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 мамырдағы № 27/04 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3298 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 шілдедегі "Индустриальная Караганда" № 94 (21845), 2015 жыл 2 шілдедегі "Орталық Қазақстан" № 107-108 (21993) газеттерінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 2 шілдеде жарияланған).

2. Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қыркүйектегі № 66/01 "Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 мамырдағы № 27/04 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет

регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3972 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 қазандағы "Индустриальная Караганда" № 134 (22 079), 2016 жыл 15 қазандағы "Орталық Қазақстан" № 170 (22 275) газеттерінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 19 қазанда жарияланған).

3. Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 30/01 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 мамырдағы № 27/04 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4863 болып тіркелген, электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 23 шілдеде жарияланған).